
С. Л. ФУКС ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫ, МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ (Кіріспе орнына)

Савелий Львович Фукс (1900–1976) — Қазақстан мемлекеті мен құқығы тарихының негізін салушылардың бірі. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы мемлекеттік заң институтында бірінші болып Қазақстанның мемлекеті мен құқығының тарихы туралы дәрістер оқи бастады және тарихи-құқықтық ғылымның осы саласында бірінші болып докторлық диссертация дайындап, қорғады. Оның еңбектері, өзінің досы және әріптесі Т. М. Күлтелеев¹ пен жас ұрпақтың өкілі, қазақстандық академик С. З. Зимановтың² кейінірек жазылған жұмыстарымен қатар, Қазақстан мемлекеті мен оның құқығы тарихына ұлан-байтақ дала кеңістігін мекендеген халық тіршілігінің ұйымдастырылған нысаны туралы, олардың эволюциясының ерекшеліктері мен механизмдері туралы тақырыптың негізгі аспектілерін дайындауды жалғастырған зерттеушілердің³ қатарын тартты.

¹ Қараңыз: *Культелеев Т. М.* Уголовное право казахов. Алма-Ата, 1955. Соңғы жылдары кітап екі рет қайта шығарылды. Тағы да қараңыз: *Тлетина Ш.* Эволюция государственно-правовой науки в Казахстане (1930–1991 гг.) / Вступит. ст. (С. 3–10) и отв. ред. С. Ф. Ударцев. Алматы: КазГЮУ, 2005. 540 с.; *Ударцев С., Панфилов А.* В «Әділет» учреждены стипендии имени Ж. Ақпаева и Т. Культелеева // Научные труды «Әділет», № 1(7), 2000. С. 164–165.

² Қараңыз: *Зиманов С. З.* 1) Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата, 1958; 2) Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX века. Алма-Ата, 1960; 3) Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата: Наука, 1982. Тағы да қараңыз: Салык Зиманович Зиманов (биобиблиографический справочник) / Сер. «Классики юридической науки Казахстана». Алматы, 2003. С. Ф. Ударцевтің кіріспе мақаласы орыс (9–56 б.), қазақ (57–109 б.) және ағылшын (110–153 б.) тілдерінде жарияланған. (*Кітапты Г. М. Әлімжанова мен С. Ф. Ударцев бірлесіп дайындаған*) — 9 б.т. әр тілде 3 б.т. (жалпы көлемі 15 б. т. шамасында).

³ Қараңыз, мысалы: Материалы по казахскому обычному праву. Сб. 1. Алма-Ата, 1948 (примеч. С. З. Зиманова). Кітаптың екінші басылымын қараңыз: Материалы по казахскому обычному праву: Сб. Науч.-попул. издание / Сост.: научные сотрудники сектора права Академии наук Республики Казахстан: Т. М. Күлтелеев, М. Г. Масевич, Г. Б. Шакаев. Алматы: Жалын, 1998. 464 с.; *Кенжалиев З. Ж.* Декреты Казахской Автономной Советской Социалистической Республики, отменившие патриархально-феодалные обычно-правовые институты: Автореф.

Фукс өзі үшін де, барлық адамзат үшін де тарихтың жаңа қырын — қазақтардың көшпелі мемлекетін және олардың Қазақстанның Ресейге қосылуына дейін де, сондай-ақ қосылу кезеңіндегі де көшпелі өркениетінің құқықтарының әлі зерттеле қоймаған әлемін ашып көрсетті. Оның еңбегі осы уақытқа дейін өзінің мағынасын жойған жоқ және де көшпелі қоғамның жаңа мемлекеттік және құқықтық ғылыми тұжырымдамасын жасауға қосымша материал бола алады, сондай-ақ олардың ерекшеліктерін, эволюцияларын, тарихтағы орнын тауып, түсінуге көмектеседі деген ойдамыз. XVIII ғ. және әсіресе XIX ғ. қазақтардың дәстүрлі мыңжылдықты ұлттық мәдениетінің, құқығының және соның арқасында пайда болған соттық жүйесінің дамуына ықпал етті. М. М. Әуезов айтқандай, XIX ғ. Қазақстан тарихы үшін «бұл көшпелі өркениетпен қоштасу кезеңі, құлдырау кезеңінің алдындағы әдемі көрсетілген жайт».⁴

дис. ... канд юрид. наук. Алма-Ата, 1986; *Жиренчин К. А.* Реформы управления 60-х годов XIX века в Казахстане и их политические и правовые последствия: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Алма-Ата, 1979; *Соныкі.* 1) Политическое развитие Казахстана в XIX — начале XX веков. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 352 с.; 2) Политическое развитие Казахстана во второй половине XIX — начале XX веков: Автореф. дис. ... д-р юрид. наук. Алматы, 1997; *Салық Зиманұлы.* Абай — Ұлы билердің соңы және оның бітім-биліктері туралы // Әйтеке би / Құраст. Г. Бельгер, М. Ақдаулетұлы. Алматы: Атамұра, 1998. 116–154 бб.; *Узбекулы С.* Хан Тауке и правовой памятник «Жеті Жарғы»: Учеб. пособие. Алматы: Өркениет, 1998. Сондай-ақ оның тікелей қатысуымен шығарылған басылымдар да қызығушылық тудырады: Материалы по истории государства и права Казахстана. Вторая половина XIX — начало XX в. / Сост. С. Сартаев и С. Созакбаев. Алматы: Атамұра — Казахстан, 1994. 280 с. Сонымен қатар олардың да кітаптарын қараңыз: Политическая и правовая история Казахстана. Документы и материалы конца XIX — начала XX вв. / Сост. С. Сартаев, С. Узбекулы. Алматы: Қазақ университеті. 2000. 528 с.; Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. В 10 т. Т. 1. / Гл. ред. С. З. Зиманов. Алматы: Жеті Жарғы. 2001 (кейінгі жылдары тағы да сегіз томы шығарылған және қазіргі уақытта бірегей басылым — қазақтың әдеттегі құқығы бойынша жарияланған материалдар мен еңбектер жиынтығы — аяқталуға жақын). 2003 жылы С. З. Зимановтың жетекшілігімен Н. К. Мынбатырованың қазақтың әдеттегі құқығының контексіндегі Төле би Әлібекұлының сот шешімдері мен құқықтық идеяларын зерделеуге арналған кандидаттық диссертациясы орындалды (1663–1756). Қараңыз: *Мынбатырова Н. Қ.* Төле бидің соттық шешімдері және қазақтың әдет-ғұрып құқығы. З. ғ. к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның автореф. Алматы, 2003. Тағы да қараңыз: *Алимжан К.* Вопросы теории обычного права. Алматы, 2003. 320 с.; Государственно-правовая наука в Казахстане. Библиографический указатель. 1930-е гг. — 1991 г. / Авт.-сост. *Глепина Ш. В.*, часть подразделов — Ш. В. Глепина и С. Ф. Ударцев / Под ред. С. Ф. Ударцева. Алматы: КазГЮУ, 2005. 416 с.

⁴ *Шашкова Л.* Судьбы высокая стезя [интервью с М. М. Ауэзовым] // Казахстанская правда, 5 января 2008 г. С. 4.

Ұлы Отан соғысы жылдары Алматыда болып, көпшілік біле бермейтін тарихи көздермен танысқан ол, тарихтың белгісіз қабаттарына қызығушылық танытты және Украинаға келген соң да оны қалдыра алмады. Фуксқа өткен жүзжылдықта ресейлік оқымыстылар, саяхатшылар, қазақ қоғамының тұрмыстық өмірін бақылау әкімшілігінің өкілдері жинақтаған қазақтардың әдеттегі құқығы туралы бай, бірақ жан-жақта шашылған материалдарды қорытындылау, мәнін түсіндіру, жүйелеу тарихи миссиясы жүктелді.

С. Л. Фукстың 1948 жылы Мәскеуде қорғаған докторлық диссертациясы тандалған бағыт бойынша атқарылған көп жылдық белсенді жұмыстардың қорытындысы болып табылады.

Көп жылдар бойы Фукстың негізгі еңбектерінің қолжазбаларының қайда екені белгісіз болды. Бұл туралы кеңес үкіметі дәуірінде шығарылған Фукстың кітабындағы алғысөзінде С. З. Зиманов та жазған.⁵ Ш. В. Тлепина 2003 жылы Мәскеудегі заң шығару институтының және Ресей үкіметі жанындағы салыстырмалық құқық институтының мұрағатында Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық ғылымының тарихы бойынша докторлық диссертациясына материал жинап жүргенде бұл кітаптың қолжазбасын тапқан. Диссертацияның қолжазбасын көріп, Тлепина Мәскеуден Алматыға ғылыми кеңесшісі С. Ф. Ударцевке телефон шалады.

Қолжазбаны жарыққа шығаруға дайындау үшін әдеттегі құқық теориясы мен тарихының маманы К. Әлімжан да шақырылды. Бірақ Фукстың кітабының ғылыми басылымға шығуы бірнеше жылдарға созылды. Ол С. Ф. Ударцевтің жұмысбастылығына және Астанаға жұмысқа ауысуына тікелей байланысты болды. Бұған дейін 2004–2005 жж. басында С. Ф. Ударцев пен Н. О. Дулатбековтың арасында Қарағандыда «Шедевры юридической науки Казахстана» сериясымен кітап шығаруға және оның кіріспе сөзін дайындауға байланысты өзара келісім жасасылды. 2007 жылдың көктемінде ҚазМЗУ мен СПбГУ баспасы арасындағы қатынастардың дамуы кезінде баспа осы еңбекті

⁵ *Зиманов С. З.* От редактора // Фукс С. Л. Обычное право казахов в XVIII — первой половине XIX века / Под ред. С. З. Зиманова. Алматы: Наука, 1983; *Кейінірек С., Зиманов С. Л.* Фукс диссертациясының үзінділерін жарыққа шығарды. Қараңыз: *Фукс С. Л.* История казахского права по русским источникам XVIII–XX вв. // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. — Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования: 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С. З. Зиманов. Т. 2. Алматы: Жеті Жарғы, 2003 (Казахский академический университет). С. 412–432. Бұл жерде кішкене қате кеткен. 1948 жыл 1918 жыл ретінде көрсетілген. Қараңыз: Сонда С. 412. Осы жағдайда сол еңбектің 1-бөлімінен үзінділер келтірілген.

СПбГУ-де шығару туралы ұсыныс жасап, бұл ұсынысты кітапты дайындауға қатысқандардың барлығы да қолдады.

Еңбек оның арнайы сақтау орнында болғандығы туралы белгімен табылған, бұл оған бір кездері тыйым салынғанын, оқшауланғанын білдіретін.

Неліктен Фукстың еңбегіне ұзақ уақытқа тыйым салынып, ол арнайы жерде сақталды? Еңбек неге зерттеушілердің қолына берілмеді? Мұның негізінде саяси және идеологиялық мәселелер жатыр деп болжауға болады. Сталиндік кезеңнің соңы репрессиялар мен реакциялар толқынымен ерекшеленетін. Бұл толқындар соғыстан кейінгі қоғамда адамдардың Еуропаға қарай және кері жаппай қозғалысының нәтижесінде, одақтастарға уақытша ашықтықтың, олардың өмірімен, тұрмысымен, қоғам ұйымдастырылуымен жақынырақ танысудың нәтижесінде пайда болған либералды, азаттық тенденцияларын, идеялар мен көңіл күйлерді шектеуі қажет еді. Сталиннен кейінгі кезеңдегі тексерулер, ревизиялар, ғылыми мекемелердің қайта құрылулары, әдеттегіше, әлі де тоталитарлық режим жағдайында жүргізілген идеологияны ревизиялаумен синхронды еді. Тексерушілерде, оның үстіне бұл тақырып бойынша маман емес тексерушілерде әдеттегі құқықты оның институттарын жан-жақты талдай отырып, халықтың табиғи өмірімен терең байланысын көрсете отырып, оның үстіне жан-жақты салыстырмалы-құқықтық материалдарды қоса бере отырып, өте терең зерттеу күмән туғызуы мүмкін деп ойлауға болады. Мұндай жағдайларда асыра сақтанғыштар, әдетте, жекелеген шығармаларды, тарихи құбылыстарды амнистиялауға дайын еместер жетіп-артылатын.

Сонымен қатар, диссертацияны құпиялауға оны арнайы кітап сақтау ғимараттарында сақтауға ықпал ететін жұмыста көрсетілген ішкі себептер — Фукстың көзқарастары да болуы мүмкін еді. Егер біз Фукстың зерттеулеріне назар аударсақ, онда оның қазақ қоғамының тарихына, көшпелі мемлекеттілікке деген теориялық көзқарастары ресми кеңестік доктринаға толық сәйкес келмейтіндігін көреміз. Ол Қазақстанның Ресейге қосылуының патшалық кезеңін отарлық түрде сипаттады.

Тағы бір ескерту. Фукстың еңбегіндегі «Преступление против религии» тарауында (1167–1179) шариаттың қазақ әдеттегі құқығына әсері, діннен безгендерді (соның ішінде христиан дінін қабылдағандарды) және т.б. жазалау туралы жазылған жерлерінің шетіндегі «оқырмандар» алаңшасында белгі қойылған және қарындашпен сызылған оншақты жер бар. Бұл да диссертацияны құпиялауға жанама себеп болуы мүмкін.

Осының барлығы жұмысқа тыйым салуға, оны кітаптар түрмесіне — арнайы кітап сақтау қоймасына жабуға әсер етті.

Фукс мәселелердің кең ауқымын қамтитын маңызды ғылыми еңбектерімен әйгілі. Ол құқықтың бірқатар салаларындағы жекелеген мәселелер жөніндегі, мемлекет пен құқық эволюциясының бірқатар өзекті теориялық проблемалары жөніндегі ғылыми мақалалардың авторы, бұл ғалымның тарихи еңбектеріндегі қорытындылаудың жоғары деңгейін түсіндіреді. Оның ертеректегі мақалалары зерттеушілерді мемлекет және құқық тарихын терең тарихи негіздеуге дайындаса, ал оның теориялық жарияланымдары оның тарихи ізденістерін толықтырып, жалғастырып, қолдап отырды. Оқымысты ретінде Фукстың шығармашылық потенциалы Қазақстан мемлекеті мен құқығы тарихы жұмысына терең тарихи және теориялық қорытынды жасауға, мемлекет және құқық эволюциясы мен олардың жекелеген институттарын қарастыруға мүмкіндік берді.

Айта кететін нәрсе, Фукстың теориялық дәлелдемелері марксизмнің негізін салушылардың идеяларын догматикалық кеңестік түсіндіруді қайта қараудың (дамытудың) жекелеген мәселелеріне де қатысты болды. Болашақ «жартылай мемлекет» идеясы, мемлекеттің тарихи формалары мен функциялары эволюциясының барысы оған, тарихшы болғандықтан, жақын және түсінікті болатын, ол мемлекеттің ежелгі формаларының эволюциясын көп жылдар бойы зерттеген, ірі орталықтандырылған мемлекет және бұрынғы тарихи даму кезеңі халыққа жеткілікті сәйкес келетінін сипаттаған. Мысалы, Фукс қалдықтарын хан сайлауында көрген «ежелгі тайпалық мемлекеттілік» туралы, «көшпелі мемлекеттердің мұралары» туралы жазды.⁶ Ғұндардың мемлекетін Фукс «варварлық тайпалық мемлекет» ретінде қабылдаған.⁷ Өткен өмірді зерттеу оны сол кездері өзгерген және сонымен бір мезгілде догматикалық марксизмді қайта қарастыру, оның догмаларынан бас тарту формасы ретінде роль атқарған болашақ туралы көзқарастарды қабылдауға даярлады. Жалпы, К. Маркс және Ф. Энгельс және олардың идеялар жүйесі ғалым ретінде Фуксқа және оның ойшыл замандастарына (И. В. Сталиннің партиядағы идеологиялық қондырғылары мен көзқарастарынан өзгеше) идеологиялық-догматикалық бағдар болып қана қоймай, ол даму деңгейі жоғары ХІХ ғ. еуропа ғылымына өзінше бір

⁶ Қараңыз: *Фукс С. Л.* Очерки государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. [Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук. Машинопись в 6 переплетах (томах)]. Харьков, 1948. С. 282, 311.

⁷ Сонда. 316 б.

терезе болды. Мұны марксизмге қарай жекелеген идеологиялық реверанстар жасаумен, партиялық құжаттардан және И. В. Сталиннің сөздерінен саяси және идеологиялық үзінділер келтірумен, олардың дұрыстығы мен ғылымилығын атап көрсетумен толық бүркемелеу қиын.

Фукстың диссертациясындағы кейбір мәселелер бойынша көзқарастарына және зерттеудің құпиялану себептерінің біріне диссертацияның мына бір жерінде түсінік беріледі: «Осы жұмыста «Истории Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» кітабы сынға алынған. Автор аталған кітапты жазуға қатысқан. Ұсынылған жұмыста аталған сындар өз кезегінде өзіндік сын болып саналды»⁸ (эл. нұсқаның 36 б.). Фукс партияның ОК қаулылары мен «Большевик» ресми-идеологиялық журналында жарияланған Қазақстан тарихы бойынша кітап сыналған мақаладан үзінділер келтіруге мәжбүр болды.

Фукстың диссертациясында қазақтардың көшпелі өркениетін және оның мемлекеті мен құқығын концептуалды түсінудің бірқатар маңызды мәселелері қарастырылған.

Қазақстанның соңғы ғасырлардағы және Ресейге қосылу процесіндегі мемлекет және құқық тарихын зерттеуге кірісе отырып, Фукс Қазақстанды феодализмінің классикалық батыс-еуропалық жалпы заңдылықтарына қарай «енгізе салу» жеткіліксіз деп есептеген. Ол халықтың мемлекеттік-құқықтық дамуының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, көшпелі қоғамның элементі ретіндегі мемлекет пен құқық эволюциясының ерекшеліктерін көрсету де маңызды деген қорытындыға келді. Автор батыс-еуропалық марксизмді догматикалық интерпретациялауға негізделген ресми кеңес идеологиясы көшпелі құрылыс эволюциясының заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік бермейді деп көрсетеді. «...Қазақстандағы мемлекеттік механизмінің ашық көрінуі және мемлекет дамуының бағыттарының әртүрлілігі даусыз. Оларды көшпелі мал бағушылардың феодализмінің даму жолдары таңқалдырады. Қазақстанның мемлекет және құқығының тарихшысы нақты тарихи зерттеулер жолында көшпелілер феодалдық теориясын әрі қарай жалғастыруға мәжбүр болады. Осыған орай көшпенділердің әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне қарағанда феодализм мәселесі толық зерттелген деп санауға болмайды, сондықтан көшпелі феодалдық ұйымның саяси және құқықтық құрылымдары алдын ала сәтсіздікке ұшырайтыны мәлім».⁹

⁸ Сонда. 10 б.

⁹ Фукс С. Л. Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. [Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук. Машинопись в 6 переплетах (томах)]. Харьков, 1948. С. 113–114.

Фукс жұмыстарының құндылығы оның көп қатынастарда әдеттегі құқыққа салыстырмалы-құқықтық зерттеу екендігінде. Автор батыс-еуропалық институттармен, оның ішінде рим, ирланд, швед, франктер құқықтарымен салыстыруды кең қолданады. Жұмыста қазақ мемлекеттік және құқықтық институттары мен әдет-ғұрыптарын монғол, орыс, өзбек, үнді әдет-ғұрыптарымен салыстырмалы талдау жүргізілген. Сонымен қатар Фукстың әдеттегі құқық институттарын көптеген интерпретациялаулары назар аударуға тұрарлық және бүгінде ол Қазақстан мемлекеті мен құқығы тарихын саналаудың бір сатысы, көшпелі қазақ мемлекеті мен құқығын әрі қарай зерттеу үшін пайдалы, бай материалдың қорытындысы ретінде саналады.

Көшпелі қоғамда мемлекеттің пайда болу процесін қарастыра отырып, Фукс қоғамдағы биліктің әлеуметтік негізінің трансформациялану ерекшеліктерін атап көрсеткен: «Рулық-тайпалық ақсүйектер ығыстырылмайды, жойылмайды, тек біртіндеп меншік иесі табына айналады... Малшылар-көшпелілер қоғамында... таптық биліктің бәсекелестікті білмейтін рулық-тайпалық ақсүйектікке өтуі кезінде рулық-тайпалық ұйымдастырылу таптық биліктің тетігі ретінде сақталады. Ол жаңа таптық мазмұнмен толығы отырып, формасын біртіндеп өзгертеді...».¹⁰

Фукс XVIII ғ. екінші жартысынан бастап Ресей мен Қытай бұрынғы қоныстардың бір бөлігін бақылауға алған кезде жайылымдарды феодалдық басып алуды күшейткен геосаяси факторларға назар аударған.¹¹

Зерттеушінің пікірі бойынша, қоныстану аудандарын басқару құқығы немесе көшпелілердің аудандарын басқару құқығы мен көшпенділерді басқару құқығын ажырату маңызды. Көшпенділерді басқару құқығын ол жер меншігінің элементі ретінде қарастырған.¹² Зерттеушінің ойынша, меншік қатынасының тағы бір ерекшелігі жерге меншікке қарағанда көшпелі қоғамдағы малға деген меншік бірінші болып саналған. «...Көшпелі мал шаруашылығы жағдайындағы мал байлығы қатардағы малшыларға ақсүйектердің билігін тұрақтандыру үшін экономикадан тыс мәжбүрлеудің жеткілікті базасы болып табылады, - деп жазды Фукс. Бұл билік көшу жолы мен жол тәртібін алдын ала жазуда қатардағы мал шаруашылығын басқару үшін қажет, бірақ билік көшпелі бақташы аудандардың мүмкін болатын жойылулары-

¹⁰ Сонда. 139 б.

¹¹ Қараңыз: сонда. 152 б.

¹² Қараңыз: сонда. 156 б.

на негізделмейді. Ол жайылым территориясында емес, мал иелерінің қолдарындағы концентрацияға негізделеді. Сонымен, ХІХ ғ. дейінгі қазақ қоғамындағы жер қатынастарын басқару бағыну қатынастарының негізі ретінде қарастыруға болмайды, керісінше, жерге меншік малға меншік концентрациясы негізіндегі экономикалық қатынаста пайда болады және дамиды...».¹³

Фукс — көшпелі мемлекет мәселесін алғашқы рет қойғандардың бірі. Қазіргі уақытқа дейін мемлекеттің пайда болуының теориялық мәселелері толық зерттелмеген және зерттеушілердің мемлекеттілік құбылысының табиғатына ену дәрежесіне қарай айқындалып келеді. Осығын байланысты айта кететін нәрсе, мемлекеттің белгісі ретіндегі территория (территориялық ұйымдастыру, қол астындағыларды территориялық бөлу) мемлекеттің динамикалық, өзгермелі белгілеріне жатқызылуы мүмкін. Маңыздысы — оның көлемі емес, бар болуы, абсолютті тұрақтылығы және кескіні. Тарихта көптеген нәрселер өзгереді және қозғалыста болады. Осы мағынада көшпенділер территориясы ғасырдан-ғасырға ұласқан маршруттарды, олардың аялдамаларын, қыстақтарын, жайылымдарын және олардың басқа ру қоныстарымен анықталатын шекараларын қамтиды. Бір ғана қорғалатын территорияда қауымдастықтың мұндай ритмикалық, циклдік ынтымақтастықта өмір сүруі мемлекеттік билік пен құқықтың таралу ортасының территориялық анықтылығының нұсқасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Құқықтың құжаттық көздерінің, оның ішінде халықаралық құжаттардың таратылуы негізінде сыртқы шекаралар құжат түрінде көшпелі шаруашылықты, биліктің көшпелі ұйымын сақтауда бекітілуі мүмкін.

Патшалықтың трансформацияға деген саяси реформалары белгілі бір мағынада көшпелі өркениеттің территориялық белгіленген мемлекеттілігіне динамикалы түрде бағытталған. Бұл саяси құрылымдар, билік және экономикалық қатынастар арасында белгілі бір қосымша сәйкессіздіктер мен қарама-қайшылықтар туындатты және олардың келешекте шешілуін талап етті.

Көшпелі өркениет жағдайында, Фукстың пікірі бойынша, көшпелілердің тіршілік циклдері жүзеге асырылатын ашық және аз қорғалған территорияларды қорғау маңыздырақ. Осыған байланысты, Фукс қазақтардағы жауынгерлік және рыцарлық рух туралы, қазақ жауынгерлерінің батырлық даңқы туралы әр алуан айғақтарға назар аударған. Ол көшпелі мемлекеттің ерекшелігі — ханның ең ал-

¹³ Қараңыз: сонда. 181–182 бб.

дымен көшпелі өркениетте жерді қорғаудың сыртқы функцияларын жүзеге асыруы, ал ішкі функциялардың екінші орынға ысырылуы деген қорытындыға келген.¹⁴ Фукс бойынша, хан — ең алдымен, бас қолбасшы,¹⁵ ал қазақ қоғамының саяси құрылымын империяға дейінгі монғол тайпаларының әскери демократиясының «алыс мұрагері», бірақ демократия жойылған империяның мұрагері емес деп есептеген. Фукстың пікірі бойынша, монғол империясының қысқамерзімді және «атүсті» билігі көшпелі тайпалардың қоғамдық және мемлекеттік құрылымын өзгерте алмады. Ерекше рольді ол, өзі жазғандай, «спецификалық әскери бояуды қазақтардың жалпы саяси құрылымына хабарлаған»¹⁶ жауынгерлерге берді.

Қазақ мемлекеті мен құқығы эволюциясында ұзақ уақыт бойы «ерте мемлекеттілік» тенденциясын бекіту жүргізілді. Оны бұл, мысалы, қазақ мемлекетін бекітуге тырысқан, бірақ оны дәстүрлі мемлекеттік нысандардан бас тарту арқылы емес, негізінен оларды бекіту жолымен жасауға әрекет еткен Тәуке ханның әрекетінен көрді. Тәукенің әдеттегі құқық жинақтарының жекелеген жаңа сәттері оны «Қасым ханның қасқа жолынан» және «Есім ханның ескі жолынан» басқа жаққа алып кетпейді.¹⁷ Абылай, Арынғазы және Кенесары хандығының кезеңдерін ғалым мемлекеттік-құқықтық нысан тұрғысынан орталықта және жергілікті билікте хан билігі жоғарылап және оның мазмұны өзгере бастағанда «архаикалық мемлекеттілік дәстүрлерін итеріп тастап, күшті орталықтандырылған мемлекеттік билікті құруға тырысу»¹⁸ ретінде сипаттайды. Фукс осыдан Абылай, Арынғазы және Кенесары хандар кезінде «қазақ мемлекеттілігінің толық жойылуы қарсаңында оның тарихи өрлеуіне алғышарттар құрылады» деген қорытынды жасайды.¹⁹

Қазақстанның Ресейге қосылуының саяси салдарларын қарастыра отырып, Фукс патшалықтың отарлық саясаты жағдайында «жұмысшы бұқара халыққа аса қымбатқа түскен» «күйзелісті және баяу экономикалық даму» «қазақ ұлттық мемлекеттілігінің қайта өркендеуі үшін ешқандай алғышарт жасамағандығына» назар аударады, оның

¹⁴ Сонда. 348–349 б.

¹⁵ Қараңыз: сонда. 353 б. Фукс бұнда «асыра сілтеуді» «билік басындағы атқамінерлердің құқылы емес іс әрекеттері» сөзінен алынған деп пікір білдіреді, бірақ ол осы сөздің «жүру», «жүріс» секілді сөздерінің «атшы», «жоғарғы», «аттылы» сөздерінің синонимі ретінде қолданумен байланысын толық түсіндірмейді.

¹⁶ Сонда. 358 б.

¹⁷ Сонда. 484–485 бб.

¹⁸ Сонда. 533 б.

¹⁹ Сонда. 533 б.

пікірінше, бұл мемлекеттілік 1917 жылдан кейін өркендеп, дами бастайды.²⁰

Фукстың пікірі бойынша, қазақ мемлекеті мен қазақтың әдеттегі құқығы бір-біріне сәйкес келетін жүйе ретінде өмір сүрді. Фукс XIX ғ. «қазақ мемлекеттілігінің құлауы» және «патриархалдық-феодалдық құрылымның таратылуы» фактісін белгіледі. Бұл кезеңде ол жаңа жағдайларда барымта институтының мәнінің өзгергендігін атап өтті. Бұрын ол әдеттегі құқықтың бекітілген процессуалдық институтының бірі болатын, XVIII ғ. оның формасын «феодалдар арасындағы өзара соғыс» киді, ал кейіннен барымтаны байлардың малдарын тартып алу үшін кедейлер қолданатын болды. Қазақ мемлекеттілігінің жойылуы жағдайында ол реттеп отырған барымта институты «барымтадан пайдалану көзін көретін туыстық биліктегілерді мадақтайтын жай тонауға» айнала бастады.²¹

Фукстың соттың пайда болуы туралы ойлары да қызықты. Ол мынадай қорытындыға келеді: сот және сот өндірісі ерте қоғамда факторлардың екі тобының — ішкі тайпалық даулар мен тайпааралық даулардың ықпал етуінен пайда болады. Сот билігі әр түрлі деңгейдегі дауларды шешу қажеттілігінен туындайды. Оның мақсаты — келіспеушіліктерді шешу, әлемді қолдау, қақтығыстарға жол бермеу. Процессуалдық құқық пен сот құрылымы «осындай қарастыру тәртібін тұрақтандыратын тайпалық қоғамға дейінгі әдеттерден халықаралық дауларды шешудегі делдалдың қажеттілігімен және таптық қоғамның пайда болумен бірге туындайды».²² Фукс таптық қоғам дәуіріндегі биліктің мемлекеттік жүйесі қоғамның барлық сәйкес деңгейде, соның ішінде руаралық деңгейде де ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты түрлі нысандағы сот өндірісі мен процессуалдық құқық, мемлекеттік нысанға қарағанда, ежелгі нысанға сәйкес келеді. Фукс аталған мәселелерді кеңестік марксизмдегі догматикалық теорияда орын алған түсіндірмелерден гөрі кеңірек түсіндіруге ұмтылды, ол, жоғарыда айтылғандай, мемлекеттің маркстік ғылымның көлеңкесінде қалған кейбір ерте нысандарына назар аударды. Қазіргі ғылым құқық пен соттың мемлекетке дейінгі және тапқа дейінгі нысанының болу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Фукстың әділ сотты жүзеге асырудың ішкі тайпалық және тайпааралық аспектілерін жіктеуі оның қарама-қайшылықтардың бірқатар маңызды

²⁰ Сонда. 534 б.

²¹ Сонда. 624 б.

²² Сонда. 654 б.

аспектілерін — мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамдағы соттың әлеуметтік және таптық табиғатын бөліп көрсетуіне мүмкіндік берді. Осыған байланысты ол тайпааралық дауды шешудің еркін, баламалы, ал тайпаішілік дауды шешудің бәсең баламалы сипатына назар аударды. Бірінші жағдайда, оның көрсетуінше, тараптар еркін келісіп, биді таңдау мүмкіндігіне ие болса, екінші жағдайда, көбінесе тайпа әкімшілігінің — старшындар, билер, сұлтандар мен хандардың сот билігіне мойынсұнуға тура келді, бұдан, оның пікірінше, «қазақ юстициясының таптық сипаты»²³ байқалды. Фукс Қазақстандағы сот құқығының белгілі бір дәрежеде екі жақты болғандығы туралы қорытындыға келеді және «әділ соттың көрсетілген әрбір саласының ерекше сипаты болғанын»²⁴ мойындайды. Фукс әділ соттың осы екі саласының да ерекше принциптерін — тайпаішілік және тайпааралық юстициясын, олардың өзара әрекеттерін, өзара байланыстарын мойындайды.

Осыған байланысты Фукстың билер сотын талдауының ерекшеліктерін атап өтуге болады. Осы институтты мұқият және жан-жақты сипаттай отырып, сонымен бір мезгілде оны дәріптеушілікке қарсы тұра отырып, Фукс билер соты мен билердің өзін сынға алады. Сот билігінің, олардың қызметіндегі белгілі бір саяси аспектілердің таптық табиғатын негіздей отырып, аталған институттың әлеуметтік аспектілерін жеткілікті дәрежеде бағаламайды, бірақ оның қоғаммен үлкен байланысын, қоғамнан бөлінбейтіндігін көрсетеді. Оның Ш. Уәлихановтың билер соты туралы пікірлеріне біршама скептикалық көзқарасы осыған байланысты, оның пікірлерін Фукс осы сотты белгілі бір дәрежеде дәріптеушілік деп есептеген.²⁵

²³ Сонда. 657 бб.

²⁴ Сонда. 657–657 бб.

²⁵ XX ғ.–XXI ғ. басында Ш. Уәлихановқа арналған және оның көзқарастарын әр түрлі бағалау берілген әдебиеттерден атап өтуге болады: *Лурье А.* Чокан Валиханов — первый казахский ученый и просветитель // Исторический журнал. М., 1943. № 11–12; *Айдарова Х. Г.* Чокан Валиханов. Алма-Ата, 1945; *Булатов С. И.* К вопросу о государственных и правовых воззрениях Чокана Валиханова // Вестник АН КазССР. 1956. № 3 (132); *Бейсембиев К.* Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века (Ч. Валиханов, И. Алтынсарин). Алма-Ата, 1957; *Муканов С. М.* Чокан Валиханов. Алма-Ата, 1958; *Дюков Л. В.* Чокан Валиханов как последователь Н. Г. Чернышевского // Ученые записки КазГУ им. С. М. Кирова. Т. 49. Сер. Юридическая. Вып. 6. Алма-Ата, 1960; *Ауэзов М. Ф. М.* Достоевский и Чокан Валиханов // Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961; *Зиманов С. З.* и *Атишев А. А.* Политические взгляды Чокана Валиханова. Алма-Ата, 1965; *Сегизбаев О. А.* Исследователь, мыслитель (О Ч. Ч. Валиханове). Алма-Ата, 1974; *Атишев А. А.* Социологические и государственно-правовые взгляды Ч. Ч. Валиханова: Материалы к лекциям по истории государства и права СССР. Алма-Ата, 1979; *Стрекова И.* Валиханов («Жизнь замечательных людей»). М., 1983; *Маргулан А. Х.* Очерк жизни и деятельности Ч. Ч. Валиханова // Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5 т. Т. I.

Қандай да бір дәрежеде бұл мәселені Фукстың өзі үшін де оның қолжазбаларында келтірілген д'Андрэнің²⁶ би-соттарды, би-әскербасшыларды және би-байларды олардың әрбір тобына сипаттама бере отырып, ажырата білу қажет деген көзқарасы айқындай түседі. Бұдан басқа, би-соттар өздерінің білімі, адамгершілік қасиеттері мен әлеуметтік саяси мәртебелері бойынша ерекшеленгендігін жоққа шығаруға болмайды.

Фукс билер сотымен қатар, сот билігін жүзеге асырған хандардың, старшындардың, сұлтандардың соттық қызметтеріне назар аударады. Осы негізде ол ежелгі қазақтардың барлық соттарының третейлік (делдалдық) болғандығы туралы көзқарастарды сынға алады.²⁷ С. З. Зиманов Қазақстандағы ертедегі билер сотының болуының кезеңін әділ сот тарихындағы «алтын ғасыр» болғандығын белгілейді. «Ежелгі нысандағы қазақ әділ соттылығының іргетасы мынадай принциптерге негізделген: а) көшпелі қазақ қоғамының кәдімгі құқықтық жүйесінің логикасы мен негізгі және трансферттік нормаларын білуі мен қол жеткізуі; б) сот пен судьяның сатылып алынбайтындығы; в) әділдік

Алма-Ата, 1984. С. 9–77; *Касымжанов А. Х., Уразбеков А.* Чокан Валиханов — ученый и мыслитель // Вопросы философии. М., 1984. № 5; *Сатыбекова С. К.* Чокан Валиханов и проблемы культуры (к 150-летию со дня рождения) // Философские науки. 1985. № 6; *Сартаев С. С., Ударцев С. Ф.* Ч. Ч. Валиханов — ученый-востоковед, мыслитель, демократ (К 150-летию со дня рождения) // Советское государство и право. М., 1986. № 7; *Сатпаева Ш. К.* Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. Алма-Ата, 1987; *Бурабаев М. С., Сегизбаев О. А.* Идеинные связи общественно-философской мысли Казахстана и России (вторая половина XVIII — начало XX века). Алма-Ата, 1987; Чокан Валиханов и современность: Сб. матер. Всесоюзной научной конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова / Отв. ред. Ж. М. Абдильдин. Алма-Ата, 1988; *Сарсембаев М. А.* Международно-правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы, 1995. С. 56–62; *Усеинова Г. Р.* Государственно-правовые взгляды Ч. Ч. Валиханова: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Алматы, 1996; *Сегизбаев О. А.* Ч. Валиханов — основоположник казахского Просвещения // Сегизбаев О. А. Казахская философия XV — начала XX века. Алматы, 1996. С. 213–302; *Ударцев С. Ф.* Политические и правовые взгляды Чокана Валиханова / Чокан Валиханов. Записка о судебной реформе / Вступит. ст. и примеч. С. Ф. Ударцева. Алматы: ВШП «Әділет», 1999. С. 5–24; Сонда. Политические и правовые взгляды Чокана Валиханова // Чокан Валиханов. Записка о судебной реформе / Вступит. ст. и примеч. С. Ф. Ударцева. 2-е изд. Алматы: Жеті жарғы, 2004; және басқа. Көркем әдебиеттерден мынадай романдарға назар аудару керек: Шахимарден. [*Қусаинов Ш.*] Скрытый хан. Алматы, 1999. 268 с. Бұл роман сұлтан Шоқан Уалихановтың атынан жазылған. Биографияның көптеген факторлары мен гипотезалары, оқымыстының, ойшылдың және саяхатшының шығармашылық белгілері XIX ғ. ірі қазақ жазушыларының еңбектерінің бірінде көрініс тапқан.

²⁶ *Фукс С. Л.* Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. [Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук. Машинопись в 6 переплетах (томах)]. Харьков, 1948. С. 679–681.

²⁷ Қараңыз: сонда 657 б.

моральдық сот шешімдері мен мән ретінде; г) соттың жариялылығы, қолайлылығы және бұқаралылығы; д) сот шешімдерін негіздеу мен дәлелдеу құралы ретінде шешендік өнерді соттардың игеруі; е) жақтар арасында әлемдік келісімдерге қол жеткізу мен азаматтық әлемді тұрақтандыруға соттардың бағдарлылығы мен бағыты».²⁸

Фукстың қорытындыларында партиялық-идеологиялық бағалаулар әлі де болса көбірек шоғырланған. Оның билер сотының третейлік (делдалдық) табиғаты туралы, буржуазиялық-ұлттық сипаты туралы қорытындысын адасқандық деп қабылдауға болмайды, яғни билердің соттық билігі олардың моральдық беделдеріне негізделген.²⁹

Сонымен қатар, билер сотына тән әлеуметтік өзіндік реттіліктің маңызды элементтері, адамгершілік, қоғамдағы беделділік, ұйымшылдық, әділдікті бекіту, әлеуметтік құндылықтарды сақтау мен қорғау секілді заңдылықтар мен тенденцияларды бағаламай кетуге болмайды. Барлық билер билердің жоғары беделін ақтай бермеді деген Фукстың ілімімен келісуге болады. Бірақ осы нақты және жеке тұлғалық сәттер басты нәрсені — қазақ қоғамындағы сот билігі мен әдеттегі құқықты жариялылық, адамгершілік және әділдік тұрғысынан қамтамасыз ететін маңызды мәндегі билер институтының әлеуметтік сипатын жасыра алмайды.

Қазақ әдеттегі құқығының, оның ішінде қылмыстық және отбасылық құқығының көптеген нормалары кеңестік құқықтық идеологияда жазылмады және ашық түрде кеңестік заңдылықтарға қарамақайшы болды. Фукстың жұмысында осы нормалар мен қазақтардың әдеттегі құқығының институттары мәнді негізде қарастырылған. Автор әдеттегі құқықтың қоғамға, оның ішінде отбасына кешірім құқығын, қылмыскерге рақымшылық жасау нормаларын бергендігін көрсетеді.³⁰ Фукстың жұмысындағы белгілер мен тенденциялар әлеуметтік өзіндік реттеу механизмімен тығыз байланысты институттың әлеуметтік мазмұны бойынша кезеңдерінің шектерін қарастырған.

²⁸ *Зиманов С. З.* Был ли золотой век правосудия на древней земле казахов? // Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования. В 10 т. Т. 3. Алматы: Жеті жарғы, 2004. С. 17; Қараңыз: С. З. Зиманов жазған, құрастырған билер соты туралы жинақтар. 10 томдық «Древний мир казахов». Орыс, қазақ, ағылшын және түрік тілінде шыққан кітаптар: *Зиманов С. З.* 1) Казахский суд биев — уникальная судебная система. Алматы: Атамұра, 2008. 224 б.; 2) Қазақтың билер соты — бірегей сот жүйесі. Алматы, Атамұра, 2008. 216 б.; 3) The Kazakh biy court is the unique legal system. Almaty: Atamura, 2008. 200 pp.; 4) Kazak Biyler Mahkemesi — Emsalsiz Adli Sistemdir. Almaty: Atamura, 2008. 176 sayfa.

²⁹ *Фукс С. Л.* Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. С. 828.

³⁰ Қараңыз, сонда. 693 б.

Әдеттегі құқықтағы соттың табиғаты туралы ойлай отырып, Фукс оның маңызды функциясы қарама-қайшылықтарды шешуде, дау-дамайлардың, олардың қантөгістерге айналып кетуінің алдын алуында деген қорытындыға келді. Сот бір-біріне қарама-қарсы тараптардың дау-дамайды күш қолдану арқылы және эмоциялық жолмен шешуінен сол дау-дамайдың маңызды ядросын бөліп ала білді. Сот қарама-қайшылықтарды жою, келіспеушіліктерді жөне қою, тараптардың дау-дамайын әділ сот негізінде қанағаттандыру секілді мәселелерді талқылауға, өлшеп-пішуге міндетті болды. Фукс түрлі халықтардағы соттарда аталған мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде сот сайыстарының да орын алғанына назар аударған.³¹

Патшалық заңдылық өз жүйесіне билер сотын да біртіндеп интерграциялай бастағанда, қазақтардың әдеттегі құқығының негізіндегі сот өндірісі, Фукстың көрсетуінше, ақсақалдар сотына айнала бастады. XIX ғ.соңында оларға істерді ресми билер соттарының қарауынан бас тартқан қазақтар келе бастады.³²

Фукс қазақтардың әдеттегі құқығы мен шариаттың тепе-теңдігін талдайды, олардың арасындағы ерекшеліктерді ажыратады, оның пікірінше, шариатқа тән кейбір жазалау түрлері, әдеттегі құқықтың сипатына сәйкес келмейді, мысалы, денеге зақым келтіргені үшін жазалар, шариатқа қарағанда, әдеттегі құқық үшін тән емес. Денеге зақым келтіргені үшін жазаларды қолданудың кең таралуын ғалым феодализмнің дамуына байланысты шариаттың ықпал етуінің нәтижесі деп қарастырған.³³

Меншікті құқықтық реттеу және оны көшпелі қоғамнан қорғау мәселелерін зерттей отырып, Фукс құқықтың әр түрлі принциптерінің және қатынастар бойынша тәртіптердің бар екенін көрсетеді. Осыған сәйкес, автор халық өмірінің тіршілігін бейнелейтін қайнар көздерге сүйенеді. Фукс аталған пікірлерді жеке меншікті қорғаудың тұрақты механизмі, күрделі қазақ қоғамының нақты өмірінің қорытындысы ретінде таниды.³⁴

Патшалық әкімшілік өкілдерінің кез келген тонау түрінде қабылданған барымта институтының мәні мен табиғатын түсінбеуін автор осымен байланыстырады.³⁵

³¹ Қараңыз, сонда. 780–781 бб.

³² Қараңыз, сонда. 815–816 бб.

³³ Сонда. 753 б.

³⁴ Сонда. 1030–1031 бб.

³⁵ Сонда. 619–620 бб. Қараңыз: Таукелев А. Н. Чокан Валиханов о понятии барымты // Чокан Валиханов и современность: Сб. матер. Всесоюзной научной

Фукс Радловтың «ең әуелі, рудың, тайпаның, халықтың әрбір қоғамдық ұйымының ішіндегі меншікке қатынасты бөгде жерліктердің, бөгде тайпалықтардың, шетелдіктердің меншікке қатынасына нажырата білу қажет»³⁶ деген, қытайлық қайнар көздермен расталған көзқарасымен келіседі. Фукс қазақ қоғамындағы меншік қатынастарының көп түрлілігін және осыған сәйкес қазақтың әдеттегі құқығында оны қорғаудың да көп түрлі екендігін мойындайды.³⁷ Фукс «жеке меншікті қорғау қарқындылығы қандай субъектінің меншік құқығының бұзылғандығына байланысты болады»³⁸ деген қорытындыға келеді. Диссертант субъектінің (феодалдардың және шаруалардың) қандай әлеуметтік топқа жататындығына қарай қазақ қоғамының ішінде жеке меншікті қылмыстық құқықтық қорғауда айқын байқалатын иерархияның жоқтығын көрсетеді және экономикалық даму мен осы дамуды тежеуші патриархалдық саяси-құқықтық құрылымдардың қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылықтар осыдан көрінеді деген қорытындыға келеді.³⁹ Сонымен бір мезгілде ол «жеке меншік барлық қоғамдық құрылымның әмбебап негізі болды»⁴⁰ деп белгіледі.

Фукс жұмысында кейбір жағдайларда түркі құқығының жеке институттарының еуропалық варварлық Шындыққа ықпал ету мүмкіндігі туралы алдын ала болжамдар айтылады (оның ішінде, «Орта Азиядағы монғол және түркі тайпаларындағы ұрлық үшін 9 есе айыппұл»⁴¹).

Кітапты жариялауға дайындауда мәтіннің ерекшеліктері сақталған, тек айқын қателер ғана түзетілген (ондай түзетулер, әдетте, ескертулерде көрсетіледі). Жұмысты редакциялауда қойылған және авторда кездеспеген сөздер тік жақшаға алынған. Кейбір жағдайларда Фукстың ескертулері сақталған. Фукстың өзінің ескертулері соңында қойылған және иілмелі жақшаларда сандармен белгіленген. Мәтінді жариялауға дайындаған зерттеушілердің ескертулері оқырмандарға қолайлы болу үшін әрбір бетте н берілген.

конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова / Отв. ред. Ж. М. Абдильдин. Алматы, 1988.

³⁶ Фукс С. Л. Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. [Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук. Машинопись в 6 переплетах (томах)]. Харьков, 1948. С. 1032.

³⁷ Қараңыз: сонда, 1033 б.

³⁸ Қараңыз: сонда, 1041 б. Түпнұсқадағы асты сызылған сөз сақталған.

³⁹ Қараңыз: сонда.

⁴⁰ Сонда. 1041 б.

⁴¹ Сонда. 1188 б.

Жалпы алғанда, С. Л. Фукстың енді оқырмандар қол жеткізе алатын жұмысы елеулі қызығушылық тудырады және құқық тарихын, оның ішінде әдеттегі құқықты әрі қарай зерттеуді дамытуда маңызды роль атқарады.

Ударцев С. Ф.,
з.ғ.д., профессор,
Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры
(ҚазГЗУ, Астана қаласы),

Дулатбеков Н. О.,
з.ғ.д., профессор,
Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры
(Қарағанды қаласы)